

2012 жылға арналған өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 08 маусымдағы N 471 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 26 маусымда N 4303 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды – (Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасының 2013 жылғы 18 ақпандағы N 02-1/2-12/267 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды – (Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасының 18.02.2013 N 02-1/2-12/267 хатымен).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы N 221 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . Б е л г і л е н с і н :

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес басым дақылдардың тізбесі және көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес субсидияланатын тыңайтқыш түрлері және өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына арналған с у б с и д и я л а р н о р м а л а р ы ;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес субсидияланатын тыңайтқыш түрлері және тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына арналған с у б с и д и я л а р н о р м а л а р ы .

2. Қызылорда облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп т а н ы л с ы н :

1) "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға облыстық бюджет қаражатынан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2011

жылғы 29 сәуірдегі N 22 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4268 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 30 сәуірдегі "Сыр бойы" газетінің N 81-82 және "Кызылординские вести" газетінің N 70-71 с а н д а р ы н д а ж а р и я л а н ғ а н) ;

2) "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға облыстық бюджет қаражатынан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі N 22 қаулысына өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2011 жылғы 15 тамыздағы N 109 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4275 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 17 қыркүйектегі "Сыр бойы" газетінің N 172-173 және "Кызылординские вести" газетінің N 150-151 сандарында жарияланған)

3. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қ а б ы л д а с ы н .

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ ы з ы л о р д а о б л ы с ы
әкімінің міндетін атқарушы Б. Жаханов

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і
А. М а м ы т б е к о в

2012 жылғы " _ " _____

Қызылорда облысы әкімдігінің
2012 жылғы "08" маусымдағы
N 471 қаулысына 1-қосымша

Басым дақылдардың тізбесі және көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары

N	Басым дақылдардың тізбесі	Нормасы	Бір гектарға субсидия нормасы, теңге
1	Күріш	Базалық	18000
2	Дәндік жүгері	Базалық	2500
3	Майлы дақылдар	Базалық	3100

4	Картоп	Базалық	10000
5	Көкөніс- бақша дақылдары (қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдарын қоспағанда)	Базалық	9000
6	Көкөніс-бақша дақылдарын ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсіру	Көбейтілген	25000
7	Қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары (екі дақыл айналымынан артық емес)	Көбейтілген	3000000
8	Сүрлемдік жүгері	Базалық	2500
9	Бірінші жылғы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	Базалық	1500
10	Екінші және үшінші жылғы бұршақ тұқымдас көп жылдық шөптер	Базалық	600

Қызылорда облысы әкімдігінің
2012 жылғы "08" маусымдағы
N 471 қаулысына 2-қосымша

**Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері және өндірушілер сатқан
тыңайтқыштардың 1 тоннасына арналған субсидия нормалары**

N p/c	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір өлшем бірлігінің құнын арзандату пайызы
1.	Аммиак селитрасы (N-34,4%)	тонна	40 %
2.	Аммофос (N-10%, P ₂ O ₅ -46 %)	тонна	40 %
3.	Фосфорит ұны (P ₂ O ₅ -17 %)	тонна	40 %
4.	Жай суперфосфат (P ₂ O ₅ -19 %)	тонна	40 %
5.	Аммоний сульфаты (N-21%)	тонна	40 %
6.	Байытылған суперфосфат (P ₂ O ₅ -21,5 %)	тонна	40 %
7.	"В" маркалы суперфосфат (P ₂ O ₅ -15%)	тонна	40 %

Е с к е р т у :
N — а з о т ;
P₂ O₅ – фосфор;

Қызылорда облысы әкімдігінің
2012 жылғы "08" маусымдағы
N 471 қаулысына 3-қосымша

**Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері және тыңайтқыш жеткізушіден
және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған
тыңайтқыштардың 1 тоннасына арналған субсидия нормалары**

N	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір өлшем бірлігінің құнын арзандату пайызы
1	Карбамид (N-46,3%)	тонна	40 %

2	Аммоний сульфаты (N-21%)	тонна	40 %
---	--------------------------	-------	------

Е с к е р т у :

N - азот

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК